

**"Қаратөбе ауылдық округінің 2020-2022 жылдарға арналған бюджеті туралы"
Жаңақорған аудандық мәслихатының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 403 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 қарашадағы № 553 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 2 желтоқсанда № 7825 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы кодексінің 109-1-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Жаңақорған аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Қаратөбе ауылдық округінің 2020-2022 жылдарға арналған бюджеті туралы" Жаңақорған аудандық мәслихатының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 403 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7198 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде 2020 жылғы 21 қаңтарда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қаратөбе ауылдық округінің 2020–2022 жылдарға арналған бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер- 97 800,5 мың теңге; оның ішінде:

салықтық түсімдер – 1 792 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 142,5 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0;

трансферттер түсімдері – 95 866 мың теңге;

2) шығындар – 97 800,5 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредит беру – 0:

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0:

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0;

6) бюджет тапшылығы қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0."

Аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Жаңақорған аудандық мәслихатының кезектен тыс LV сессиясының төрағасы

Р. Кутибаев

Жаңақорған аудандық мәслихат хатшысы

Е. Ильясов

Жаңақорған аудандық мәслихатының
2020 жылғы 30 қарашасы
№ 553 шешіміне қосымша
Жаңақорған аудандық мәслихатының
2019 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 403 шешіміне 1-қосымша

2020 жылға арналған Қаратөбе ауылдық округінің бюджеті

Санаты				Сомасы, мың теңге
Сыныбы		Ішкісыныбы		
			I. КІРІСТЕР	97 800,5
1			Салықтық түсімдер	1792
	01		Табыс салығы	76
		2	Жеке табыс салығы	76
	04		Меншікке салынатын салықтар	1716
		1	Мүлікке салынатын салықтар	45
		3	Жер салығы	202
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1 469
2			Салықтық емес түсімдер	142,5
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	142,5
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	142,5
4			Трансферттердің түсімдері	95 866
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	95 866
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	95 866
Функционалдық топ				Сомасы, мың теңге
Функционалдық кіші топ				
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
Бағдарлама				
Атауы				
			II. ШЫҒЫНДАР	97 800,5

1				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	22 689,5
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	22 689,5
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	22 689,5
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	22 689,5
4				Білім беру	54 243
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	54 243
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	54 243
			004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	39 921
				Мектепке дейінгі білім	

			041	б е р у ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	14 322
6				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	1 039
	2			Әлеуметтік көмек	1 039
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 039
			003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	1 039
7				Тұрғынүй-комм уналдық шаруашылық	7 714
	3			Елді-мекендерді көркейту	7 714
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	7 714
			008	Е л д і мекендердекөше л е р д і жарықтандыру	436
			009	Е л д і мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	227
			011	Елді мекендерді абаттандыру м е н көгалдандыру	7 051
8				Мәдениет, спорт , туризм және ақпараттық кеңістік	12 115

	1			Мәдениет саласындағы қызмет	11 867
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	11 867
			006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	11 867
	2			Спорт	248
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	248
			028	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық ішараларды өткізу	248
				3. Таза бюджеттік кредит беру	0
				4. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
				5. Бюджет тапшылығы (профициті)	0
				6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	0